



БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2025 жыл
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *203* *н/к*
город Караганда

**«Мектеп-лицейге және оның
аумағына әкелуге тыйым салынған,
пайдалануға шектелген заттар мен
бұйымдардың тізбесін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «№66 Мектеп-лицейі» КММ ғимаратына және оның аумағына келесі заттарды әкелуге тыйым салынсын:

- атыс қаруы, оның ішінде травматикалық, газды, пневматикалық, дабыл беретін, электрлік қарулар және атыс қаруына ұқсас құрылғылар мен олардың бөлшектері;
- атыс қаруына тән кейбір құрылымдық элементтері немесе сыртқы белгілері бар, бірақ мақсатты зақымдауға арналмаған заттар (құрылыс құралдары, дабыл құрылғылары, арқан атқыштар);
- радиоактивті сәуле және биологиялық әсер етуге негізделген қару және заттар;
- электромагниттік, жарық, жылу, инфрадыбыс немесе ультрадыбыстық сәулеленуді қолдануға негізделген зақымдаушы заттар;
- оқ-дәрілер және олардың бөлшектері, снарядтар, жебелер;
- жоғарыда аталған қару түрлерін имитациялайтын заттар.

2. «№66 Мектеп-лицейі» КММ ғимаратына және оның аумағына келесі заттарды әкелуге тыйым салынсын:

- шаншуға, кесуге, шабуға, соғуға арналған немесе лақтыру арқылы зақым келтіретін заттар мен өнеркәсіптік құралдар (барлық түрдегі пышақтар, қырынуға арналған ұстаралар немесе жүздер, садақтар, арбалеттер, сақпандар, балталар, қылыштар, семсерлер, медициналық барлық түрдегі скальпельдер, жебелер мен дротиктер, гарпундар мен найзалар, мұз шапқыштар, темір жұлдызшалар, шокпарлар, дубинкалар, кастеттер, нунчактар);

- шеге қағуға немесе болттарды бекітуге арналған өнеркәсіптік құрылғылар, шаншуға не кесуге қолданылатын өндірістік құралдар (оқу-

тәрбие процесі мен мектептің шаруашылық мақсаттарында қолданылатын жағдайларды қоспағанда);

- медициналық шприцтер (егер ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №026/у нысанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болмаса);

- оқ-дәрілер, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, жарылғыш заттар мен құрылғылардың көшірмелері немесе еліктемелері, аэрозольді бояулар, скипидар;

- кез келген түрдегі фейерверктер, жарық шашатын ракеталар, пиротехникалық құралдар;

- сіріңкелер, оттықтар;

- көзден жас ағызатын немесе уытты заттар бар газ баллоншалары (перцовый, слезоточивый);

- психоактивті заттар;

- темекі өнімдері, оның ішінде қыздырылатын темекі өнімдері, кальянға арналған темекі, кальян қоспалары, темекі қыздыруға арналған жүйелер, электронды темекі құрылғылары мен оларға арналған сұйықтықтар.

3. Мектеп аумағында пайдалануға шектеу қойылатын және әкелуге тыйым салынатын заттар тізімін бекіту:

- Ақпарат тасымалдау функциялары бар байланыс құралдары (пейджерлер, планшеттер, смартфондар***, iPad, iPod, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер)) – оқу сабақтары кезінде қолдануға болмайды;

- Дәрі-дәрмектер – тек ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №026/у нысанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысы негізінде медициналық көрсетілімдер бойынша рұқсат етіледі (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери, арнайы оқу орындары және Жоғарғы Сот жанындағы Әділет академиясының аумағындағы жағдайларды қоспағанда).

4. Осы бұйрықты білім алушылар мен педагогикалық ұжымға жеткізу.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары А.Ж.Сарсембаевға жүктелсін.

Директор 

Н.М. Мисюрина

Бұйрықпен таныстым:
А.Ж.Сарсембаева 